Жалпы девиантты мінез-құлық интерналистік (өзіне бағытталған) және экстерналистік (басқаларға бағытталған) болып бөлінеді. Сонда асоциалды мінез-құлық түбінде экстерналистік проблемалық мінез-құлыққа жатады.

Қазіргі уақытта кең таралған бәріне ортақ, макросоциалдық асоциалды мінез-құлықтың себебін профессор В.Н.Иванов қоғамның әлеуметтік қатынастарындағы өзгерістер, ол «маргинализация» түсінігімен байланыстырады [2]. Яғни жалпы экономикалық және әлеуметтік тұрақсыздық, бұрынғы өмір салтының бұзылуы, үйреншікті құндылықтар жүйесінен бас тарту әлеуметтік ауытқуға әкеліп соғады. Әлеуметтік құбылыс ретіндегі асоциалды мінез-құлықтың екінші себебіне қазіргі ресейлік әлеуметтанушы Я.И.Гилинский әлеуметтік теңсіздік, қажеттіліктерді қанағаттандарудың шынайы мүмкіндіктері арасындағы қоғамдық айырмашылықтарын жатқызады [3]. Қанағаттандыру мүмкіндіктерінің арасындағы айырмашылық витальдық (өмірлік күшті қолдау қажеттілігі) себепке ғана байланысты емес, біздің жағдайда беделге, мәртебеге, өзін көрстеуге және тағы басқа деген әлеуметтік қажеттіліктердің аса маңыздылығы қарсы реакцияны тудыруға себеп болады. Жастардың асоциалды мінез-құлығының әлеуметтік факторларының ішінде ең бастысы деп құндылық вакуумын атауға болады, ол КСРО-ның таралып, коммунистік идеологияның беті қайтқаннан кейін пайда болған еді. Көптеген жас адамдардың ішінде үштен екі бөлігі құқық бұзуға мүмкіндіктері барлығына сенсе, үштен аса бөлігі оны өздерінің болашақта жасауы мүмкін деп есептейді. Ақша табу жолында олардың көпшілігі заңды бұзып табуға болатынына төзімділікпен, немқұрайлықпен қарайды, тіпті қолдау көрсететіндері де бар. «Өз құрдастарыңыздың арасында белгілі-бір жағдайларға байланысты немесе тіпті сирек жағдайларда болсын ұрлық, алаяқтық, бопсалау, рәкет сияқты теріс қылықтардың болуы мүмкін бе?» деген сұраққа 15 жасар мектеп оқушыларының 1/3 бөлігінен астамы оң жауап берген.

Жастар арасында болып жатқан құндылықтарды бағалау деформациясы заңдылықты ұсынудың, өз еркін, күштілігі мен қаталдығын бекітудің алғы шарты болып табылады, өйткені аморализация мен қылмыс арасының жігі әлдеқайда қозғалмалы. Оның үстіне, осы моральдық нормаларды теріске шығару жас адамдардың көптеген қылмыстарының негізіне жатады.

Қоғамдағы, соның ішінде жасөспірімдер ортасындағы құқықтық нигилизмнің күшеюі, өмірлік проблемаларды шешуде күш қолдану мүмкіндігін ұстанудың қалыптасуы, жасөспірімдерге адамгершілік және құқықтық тәрбие беруде білім беру жүйесінің әсерінің әлсіздігі - осының барлығы жасөспірімдер арасындағы асоциалды мінез-құлықтың негізі болып табылады. Ал бұл өз кезегінде қоғамдағы криминогендік әсердің өсуіне барынша жағдай жасайды. Қоғамның өтпелі кезінде, қоғамдық өмірдің көптеген салалары дағдарыс жағдайында болғанда, әлеуметтік процестердің динамикасы асоциалдық және антисоциалдық сипатындағы – зорлау мен дүниеқорлық арқылы жасалатын қылмыстар, маскүнемдік, нашақорлық және таксикомания, жезөкшелік, аморализм сияқты мінез-құлық реакциясының өршуін туғызуы өзінен-өзі түсінікті. Мұндай құбылыстар өзінің психо-физиологиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрақсыздығымен ерекшеленетін жасөспірімдер ортасында кең таралған.

Жасөспірімдердің бүгінгі таңдағы өміріне қатысты және асоциалды тәртіптерін алдын алудағы ең өзекті мәселе – бұл олардың бос уақыттарын дұрыс пайдалана білу мәселесі болып отыр. Бүгінгі таңда жасөспірімдердің мәдени бос уақытының мазмұнын ұйымдастыру: кітапханалар, клубтар, мәдениет үйлері үшін материалдық базаның барынша қысқаруы байқалады. Ақылы үйірмелер мен спорт секцияларының сандарының күрт өсуі, үлкен шараларға билеттер бағасының қымбаттап кетуі жастардың бос уақытының мәдениетті өткізу мүмкіндігі одан сайын шектеліп тұр.

Жасөспірімдердің бос уақытын өткізу мазмұны мен құрылымы барынша өзгеріске түскен. Жасөспірімдердің бос уақытын өткізу мазмұнында адамсыздық және азғындық үрдісі байқалады, ол ең алдымен адам бейнесінің төмендетілуі және бұзылуынан көрінеді. Кинематографияда, театрда, рок-музыкада, көркем әдебиетте, бейнелеу өнерінде зорлау туралы бейнелер мен эпизодтардың өсуі, олардың қатыгездіктің табиғилығының күшеюі жастар аудиториясына теріс әсер етуде. Жасөспірімдер аудиториясында жүргізген көптеген зерттеулер американдық психолог Д.Зилман ұсынған «психофизикалық (эмоционалдық) қозуды ауыстыру» теориясын түсіндіреді: ол арқылы жасөспірімдердің зорлыққа толы сценалары көп фильмдерді көргеннен кейінгі агрессиялық реакциясын түсінуге болады. Ол туралы белгілі батыс психотерапевті В.Франкл былай деген: «Залалсыз заттарға, мәселен телеэкранға аударуға болатын агрессия одан сайын күшейеді де, рефлекс сияқты беки түседі»[4].

Осы жолда жасөспірімдердің бос уақытын өткізу құрылымындағы өзгерістер де аса алаңдатушылық туғызып отыр. Алматы мектептерінің жоғары сынып оқушыларының арасында өткізген сауалнама нәтижесінде олар бос уақыттарында музыка тыңдағанды – 18,4; достарымен араласқанды – 17,6; теледидар көргенді – 15,5; кітап оқуды – 9,7; спортпен шұғылданғанды 8,1 пайызы жөн көрген. Көріп отырғанымыздай, кітап оқу мен спортпен айналысу жастардың магнитофон тыңдау мен теледидар көру сияқты бос уақытты өткізу түрлерінен рейтинг бойынша әлдеқайда артта қалған. Бос уақытты және оның психо-педагогикалық негізін жан-жақты зерттеген профессор И.Б.Сихимбаев жастардың бойындағы рухани құндылыққа деген тұтынушылық көзқарас пен өздерінің шығармашылық потенциалын толығымен пайдаға асыра алмауы олардың тынығу мен өзін-өзі ұйымдастыру тәжірибесінің жоқтығы және білім-дағдыларын меңгермегендігімен байланыстырады. Бос уақытты тиімді және дұрыс пайдалану жастардың қажеттілігінің қалыптасуы мен мәдени деңгейіне ғана емес, сонымен қатар олардың өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысына тікелей байланысты болатындығын атап өтеді [5].

Бос уақыт жасөспірімдердің әлеуметтену жүйесінде өзінің позитивті функциясын атқару үшін оның екі аспектісі болуы қажет: біріншіден, тұлғаның эмоционалдық қажеттілігін қанағаттандыру қажет, екіншіден жасөспірімдердің интеллектуальды ізденісіне ықпал етуі тиіс.

Жасөспірімдік тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі бекітуі, яғни генетикалық нышандарының көрініс табуы және әлеуметтік қабілеттерінің жүзеге асуы олардың бос уақытында нәтижелі жүретіндігі белгілі. Бос уақыт – жасөспірімдердің отбасындағы және мектептегі үйреншікті ролдерінен ерекше жаңа ролдерді меңгеретін сферасы. Бос уақытта

олардың жан-жақты тәуелсіздікке деген табиғи қажеттіліктері айқындалып белсенді іс-әрекеті мен өзін көрсетуге деген ұмтылысы ұлғаяды. Шығармашылық іс-әрекет бұл «адамның түпкі мәні», бұл арқылы ол «әлемді өзгертеді». Шығармашылық үрдістер жасөспірімдерде бос уақытта қоршаған ортаны эмоционалды тану және сезіну механизмі арқылы нәтижелі жүреді. Бұл бос уақыттың шығармашылық функциясын анықтайды.

Бос уақыт – бұл жасөспірімдердің белсенді қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыратын аймақ. Жасөспірімдер қызығушылықтарына және қабілеттеріне қарай әр түрлі шығармашылық топтарға біріге отырып түрлі іс-шараларға қатысады. Нәтижесінде жасөспірім өзін-өзі таниды, жанындағы басқа жасөспірімдермен өзінің кемшіліктері мен жақсы қасиеттерін салыстырады. Жасөспірімдер қарым-қатынас жасай отырып, жалпы белгіленген әлеуметтік критерийлер мен эталондарды бағдарға ала отырып өзіне баға береді. Тек басқалармен қарым-қатынас орнату арқылы ғана жасөспірім әлеуметтік тәжірибені меңгереді. Бұл үрдісте бос уақыттың коммуникативтік ролі айқындалады.

Бос уақыт өскелең ұрпақтың танымдық іс-әрекетіне үлкен әсер етеді. Ақпараттарды меңгеру жасөспірімдердің бос уақытта білімнің жан-жақты саласынан мектеп қабырғасындағы педагогтардың берген білімін меңгеруден гөрі тез әрі қызғылықты жүреді. Оның себебі, жасөспірім бұл жерде білімді өз еркімен, өз қызығушылығымен ешкімнің күштеуінсіз игереді. Жасөспірімдердің бос уақытта танымдық ақпаратты меңгеруі олардың өмірлік ұстанымдары мен құндылықтарының және идеалдарының қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Бос уақытты тиімді пайдалану нәтижесінде оның танымдық-ағартушылық маңызы ашылады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, әр алуан жастардың девиациясы әлеуметтік бақылаудың төмендеген жағдайында «дрейф» жасап, делинквентті мінез-құлықтарға және қылмыс жасауға барады. Осыған байланысты кейбір мамандар мен бұқаралық ақпарат құралдарының жасөспірімдердің әртүрлі бейресми бірлестіктерінің бос уақытын өткізудегі әрекеттерін «зиянсыз» деп қоғам үшін де, басқа адамдар үшін де көрсеткісі келуі соншалықты зиянсыз емес, себебі жастар тобындағы бейресми қарым-қатынас, әсіресе асоциальдық бағытындағы белгілері алғашқыда аморалдық және қылмысқа қарсы көрінгенімен, кейіннен қалыпты криминалдық әрекетке көшеді. Кейбір жастардың бейресми бірлестіктерінің әлеуметтік алшақтау процесі, әсіресе қоғамға жат ұстанымдарымен қалыптасқандары тұрақты криминалдық мінез-құлыққа ие болады.

Сондықтан бүгінгі күн талабында жастардың асоциалды мінез-құлқының алдын алу, оның негізгі себептерін ауыздықтау мәселелері маңызды болып отыр.

Әдебиет

- 1 Агафонов А.Н, Қ.Н.Меңлібаев. Жастармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар: оқу құралы.-Астана: Парасат әлемі, 2005.-114 б.
- 2 Иванов Н.Г. Девиантное поведение: причины и масштабы //Социально-политический журнал -1995.- №2.-62с.
- 3 Гишинский Я.И. Социология девиантного поведения как специальная социологическая теория //Социологические исследования.-1991.- № 4. -74с.
- 4 Франкл В. Человек в поисках смысла.-М.,1990.-33с.
- 5 Сихимбаев И.Б. Свободное время и психолого-педагогические основы его использования: учебное пособие.-Шымкент, 2002.-133с.

Резюме

В данной работе приведены основные факторы асоциального поведения молодежи, анализируются его причины и последствия. В статье рассматриваются коммуникативные, творческие и интеллектуально-познавательные функции свободного времени и организации досуга подростка, определяется их место и роль в жизни молодежи. В статье приводятся различные научные взгляды известных ученых, таких как Иванов В.Н., Гишинский Я.И., Сихимбаев И.Б. на причины асоциального поведения и значение свободного времени в формировании духовных ценностей подростка.

Summary

In the article the major factors of association behaviour of youth is considered. The reasons and consequences of association behaviour of youth is analyzed. The place and role of free time in life of the teenager is defined. Open out communicative, creative and intelligence and cognition functions of free time in organizations of leisure of the teenager. Also in the article the various scientific sights of the known scientists, such as Ivanov B.N., Gilinskii Ya.N., Sihimbaev I.B. are resulted, on the reasons of association behaviour and meaning of free time in formations of spiritual values of the teenager.

ӘОЖ 371.3:91

ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛЕГЕНЦИЯСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ ИДЕЯЛАРЫ

С.Қ. Әбілдина

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен бері білім беру мекемелері ұлттық руханиятты, мәдениет пен тілді дамытуды, ұлттық мәдени мұраларды жандандыруды басты міндет етіп қойып отыр [1].

Еліміздің ғылыми-техникалық қуаты едәуір қарқын алып, білім берудің ұлттық моделі құрылды, мемлекеттік «Білім» бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы күшіне енді.

Қазақ халқының тарихи мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған, республикада халық ағарту ісі мен жоғары педагогикалық ұлттық мектепті қалыптастыруда және оның іргетасын қалауда белсене атсалысқан халқымыздың адал перзенттері М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың, Ш.Құдайбердиевтің педагогикалық мұраларының этномәдени білім беруде ғылыми әрі практикалық мәні орасан зор.

Ұлы ойшылдардың педагогикалық мұралары бүгінгі заман талабымен үндесіп жатыр. Ұзақ жылдар бойы «ұлтшылдық» әдебиеттің өкілі деген айып тағылып, жазықсыз жапа шеккен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі Ж.Аймауытов жазушылығымен қоса қазақ топырағында тұңғыш педагогика, психология, көркемөнер ғылымдары саласында қалам тартып, құнды-құнды ғылыми-зерттеу еңбектерін жазуымен, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы болуымен дараланған ірі тұлға. Оның еңбектерінде әлеумет тәрбиесінен бастап ұлттық тыныс –тірлік, адамгершілік, еңбек тәлімі, ата-ана орны, бала мінезінің алуан қырлары, тәрбие жұмысы мен тағы да басқа келелі тақырыптар көтерілген.

Автор ең алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше тоқталады. Баланы бұзуға, яғни түзетуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізіне байланысты. «Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» деп атамыз қазақ тауып айтқан. Балаға қайырымдылықты, қаталдықты, өтірікшілдікті беретін кім? Ол, әрине ата-ананың тәрбиесі. Баланың бойына басынан сіңген мінезді қайта түзету қиындық келтіреді. «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді...»- деп автор бала мінезін қалыптастырудағы жанұя мүшелерінің, әсіресе әке-шешенің ықпалын айқын ашып берді.

Ол бала мінезін жас шыбыққа теңейді. Жас кезде дұрыс тәрбие алмаған бала өскенде қисық ағаш сияқты болып өсетінін, отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық келтіретінін айтады.

Ж.Аймауытов өнегелі отбасынан бұзық мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін дей келеді де, бұл айтылғандар өскен ортаның, замандас, жора-жолдас, құрбы-құрдастың ықпалынан, соларға еліктеуден болатынын дәлелдейді. «Сүтпен сіңген мінез сүйектен өтеді». Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. «Күнін босқа өткізбей, таза пайдаланған жас жігіт тәрбиесі танымды жеміс беруіне күдіктенбесін: еңбек пен алған тәрбие, қай түрлі болса да берік болмақ. Ерінбей еңбек еткен жас күндердің күнінде замандастары ішінде жетік кісі болуында сөз жоқ. Бұл

шындықты жастар жасынан тоқығаны дұрыс». «Адам баласының арасында ұрлық, зорлық, өтірік алдау, кісі өлтіру, тонау сықылды неше түрлі бұзықтықтың көптігі көбінесе тәрбиенің жетіспегендігінен».

Ж.Аймауытұлының тәлім-тәрбие саласындағы алғашқы әрі іргелі еңбегі – «Тәрбиеге жетекші» [2]. «Тәрбие сәулесі түспейтін адамның ешбір қалтарысы жоқ. Тәрбие берілмеген жерде шын ақылды, мәдениетті адам да болмақ емес», «Оқудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру», – деп түйін жасайды.

Кітаптың «Тәрбие негізі» деп аталатын бөлімінде автор тәрбие ісін оқу-ағарту, тәжірибе тағылымдарымен, сондай-ақ, білім нәрімен бірлікте қарайды: «Тәрбиенің де, білімдендірудің де тірегі – мәдениетті өмір, яғни адам баласының түрлі тараулы толық өмірі,- деп жазады автор, - тәрбие беру мен білімнің берілуі бірімен-бірі байланысушы, әйтсе де әрқайсысының өзгеше мінезі, бірімен-бірі айырылатын өзгеше мақсаттары бар».

Кітаптың «Дидактика» деп аталатын екінші бөлімінде: «...мектеп программасын балалардың ұғымына лайықтап, төңіректегі өмірді, табиғатты бала қолма-қол, өз бетімен айырып танырлық түрде жасау керек... Оқуды күндегі ұшырайтын балалардың өміріне жақын нәрселерден, құбылыстардан бастау тиіс» – деген терең философиялық ойларды ортаға салады.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің әр алуан мәселе, қырларын дидактикалық, танымдық тұрғыдан әрі тағылымдық сипаттарымен телқабыс қарастыратын еңбектердің бірі – “Комплекспен оқыту жолдары”. Кітаптың мақсат-мұратын айқындағанда: “Комплекспен оқыту – сабақты қазір әңгімемен өткізу емес, баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылу” екенін ашық көрсетеді. Мектептің (ақыл, әлеумет, дене тәрбиесін) міндетін дұрыс жолға қоюды негізгі мұрат деп біледі. Одан кейінгі жерде оқу, оқыту ісі мен бағдарламалардың жекелеген түрлерін кең көлемде қарастырады. Ондағы үш тірек (еңбек, жаратылыс, қоғам мәселелері) оқу ісінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатыны жан-жақты көрсетіліп, талданып беріледі. Кешенді оқыту, жұмыс жоспарлары, оқу кестесі және басқа да маңызды мәселелер мектеп ұжымы, жас ұрпақ психологиясы негізінде кең өріс алады.

Ж.Аймауытовтың ұстаз шеберлігі, оқыту жүйесіндегі жаңашыл әдіс-тәсілдері де туралы айтқан ойлары бар: «Айқын қылып оқыту мен сатылы, біртекті оқытудың байланысы бар. Оқыту бірте-бірте сатылап ілгері басып отырмаса – анық та, ұғымды да болмайды. Білім – бір жола көріп алатын нәрсе емес, аздан көбейетінін әркез басты нысана ретінде еске алып отырады».

Ол «...баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуаттарын кемітіп тәрбиеде бере алмайды» – дей келе ұстаз бен шәкірт, олардың арасындағы ортақ байланыс, мүдделер хақында кемел ойланып, келелі мәселе қозғайды. Біздіңше, этномәдени білім беруде ғалымның айтқан идеяларын назарда ұстасақ – ұтарымыз хақ.

А.Байтұрсыновтың бүкіл өмір жолындағы басты идеясы қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс-жағдайын жақсарту, ол үшін халықты жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін айтып, өзінің ұлттық идеясын насихаттайды.

А.Байтұрсынов оқу-ағарту ісін азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз-бәрі надандық кесапаты» деп тіпті батыра айтады.

А.Байтұрсынов қазақ мектептеріне арнап («Әліппе», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б.) құрастырған оқулықтары мазмұндылығымен, ұлттық бояуымен ерекшеленеді. «Оқу жайы» (1913) . Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтың қолына көшпекші... Бұл заманда қолы жеткендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім. Еңбекте «Әуелгі тіреу – ақша, ол жұрттан шықпақ. Әр баланың басын қосып құраса, бәрі жұрт баласы болатындығын ол жұрт баласын оқыту жұрт міндеті екендігін айыратын ес қазаққа әлі кірген жоқ. Екінші тіреу-оқуға керек құралдар. Ол құралдың ішінде ең қымбаты-оқу кітаптары. Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды. Оқудың үшінші

жағының тіреуі- мұғалім. Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді. Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайды» [3].

Сондай-ақ мұғалім мамандығын меңгергісі келген адамның бойында болуға тиіс ең қажет екі қасиетті дәл көрсетті:

1. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек.

2. Балалардың табиғатын біліп көңіл сарайын танитын адам болуы керек.

А.Байтұрсыновтың мына сөздері бүгінгі күні де әмсе есте ұстайтын, мәнін еш жоғалтпаған даналық қағида деуге болады: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, онда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымыз деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы» «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі, бір ақшаға, бір құралға, бірі мұғалімге. Осы үшеуі бірдей тең болса, оқу қисандамай, ауытқымай тұзу жүреді. Ол үшеуі тең болмағандағы оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз. Жүгі ауған көштің жүрісі өнбейді. Ол орнықты оқу болмай, қалт-құлт етіп оқытқан оқу білім үйретіп жарытпайды».

Бастауыш мектеп еңбегінде (1914) «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек... Бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс болуы керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш болуы керек». Бастауыш мектептен оқығандар... ең әуелі қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек, екінші, бастауыш мектептен үйренген білім жағын көздеу керек».

«Тіл жұмсар» кітабында оқытуға қойылатын талапты былай тұжырымдайды: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі- оның білімінің ұзақ жолын қысқарту, қиналмай оңай оқу, керек білімін кешікпей, дер негізінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру және баланың бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру» деп есептейді.

А.Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп жұмыс жасалды. 1912 жылдан бастап үш жылдық бастауыш мектептерде (ол «ауыл мектебі») шәкірттер сауат алдымен орыс тілінде ашатын. Қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанмен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ еді. Сондықтан да әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не арап жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялылары 1905 жылы 26 шілдеде Ресей Империялық Министрлер Советінің Председателі атына петиция жазады. Ондағы қойған талаптың бастылары: «Қазақ даласында оқу –ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін» т.б. Осы талаптарды жүзеге асыру үшін А.Байтұрсынов қазақша оқу құралы (1912) тұңғыш әліппе құралын жазды.

Қазақ мәдениет тарихында Шәкәрім Құдайбердиевтің орны ерекше.

Ақынның педагогикалық, ағартушылық көзқарастарының, шығармашылық мұрасының ұлттық және жалпы адамдық түп- тамырлары:

1. Қазақ елінің халық педагогикасы.

2. Жанұядағы тәлім-тәрбие әдістері. Абай сабақтары.

3. Шығыс классиктерінің ағартушы-педагогикалық идеялары.

4. Еуропа мәдениеті, ғылым, әдебиет қайраткерлерінің гуманистік ой-пікірлері.

5. Л. Толстойдың жеке адамның тұлғалық дамуын жетілдіру ілімі. Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы қазақ мәдениетіне тән, әрі ұлттық, әрі жалпы адамдық мағынаға толы.

Ұлы ойшыл Шәкәрім қазақ халқының мәдениетін дамытудың кілті – білімде, тәрбиеде, өнерде деп насихаттаумен қатар, өзі де білім алу жолдарын көрсетіп, тәрбие беру тәсілдерін үйретіп, өнерден өнегесін көрсете білді. Ол өнер білімді дамытып, халықтың мәдениетін өркендету үшін ең алыс батыс, шығыс елдерінің ең өркениетті өнегелерін үйренуді қазақ жастары үшін өнеге тұтады. Ол баланы тәрбиелеуде жалпы адамзаттық мақсат-мүдделерді алға тартып, тәлім-тәрбие ғылымының әлемдік мәніне зор көңіл бөлді. Әсіресе, адамгершілік, ақыл-

ой, еңбек, патриоттық тәрбиелерге көп көңіл бөлген ақын бұл тақырыптарға арнап шырынды шығармалар жазып, ұлттық тәрбиеге көп еңбек сіңірді.

Өздігінен ізденіп оқып, ғұламалық дәрежеге жеткен дара дарын Шәкәрім сонау өзінен бұрынғы Баласұғыни, Бақырғани, Жүйнеки сияқты адамшылықтың, кісіліктің негізі етіп, білім мен еңбекті, тәрбиені уағыздайды: білімді үйрену үшін нені үйренуді, кімнен, қалай үйренуді білу ләзім, білімнің кілті – ыждағатта, ынта-жігерде, еңбекте деп көрсетеді.

«Бар ғылымның түп атасы - таза ақылмен ойлану, - деп білімді ой-санаға сіңіру үшін «таза ақыл» керек екенін тұжырымдайды[4]. Білім алу үшін, оны іске асыру үшін еңбек ету қажет, бірақ еңбектің де еңбегі бар, орынсыз жұмсалмаған еңбек, зұлымдыққа жұмсалған ақыл-отқа түскен көбелекпен бір есеп», - дейді [4]. Гуманист ақын жастарға білім беруде олардың жақсылықты ойлау белсенділігі, ақыл парасатын дамытуды басты мақсат етеді, білім беру мен тәрбие ісінің бірлігін сақтай білуді ұстаздық нұсқа етіп ұсынады.

XX ғасырдың ірі тұлғаларының бірі – Мағжан Бекенұлы Жұмабаев ақындығымен қатар өз заманының ең білімдар адамдарының бірі болған анық. Білімін де, ақындық талантын да, ол халқына қызмет етуге жұмсаған. Мағжан сонымен қатар қазақ зиялылары арасынан шыққан ірі педагог-ғалым. Оған оның педагогика саласындағы еңбектері мен шығармашылығы дәлел.

Мағжанның педагогика саласындағы аса құнды еңбектерінің бірі – “Педагогика” кітабы [5]. Жұртшылыққа белгілі бұл еңбек бүгінгі таңда қазақ мектептеріндегі мұғалімдер үшін, қазақ ұлттық педагогикасы үшін ерекше оқулық. Мағжан Жұмабаев бала тәрбиесінде ұлттық психологияны қалыптастыру, халық педагогикасының негізінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Халық педагогикасын, ұлттық тәрбиені Мағжан жалпы педагогиканың ең түпкі тамыры, негізі етіп қояды. Осыған орай ол: “Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі” – деп тұжырымдама жасайды. Халық педагогикасын оқу-тәрбие ісіне енгізе отырып, педагогтар мен тәрбиешілердің түрлі заманда тәрбиемен айналысатын ғалымдардың ойларымен жақсы таныс болу керек екендігіне меңзейді.

М.Жұмабаев әр ұлттың өз мектебі, өз тілі, төл оқулығы, мәдениеті мен тәрбиесі болу керектігін сол кездің өзінде-ақ меңзеген. Содан да болар, өзінің “Педагогика”, “Бастауыш мектеп ана тілі” (Ташкент, 1923). “Бастауыш мектеп ана тілін оқыту жөні” (Москва, 1925), “Бала тәрбиелеу жолдары”, “Сауатты бол” (Москва, 1926) кітаптарында халықтың тәлім-тәрбие, ұлттық педагогика мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, оны педагогиканың негізі етіп ұсынады.

Қазақ мектебіндегі тәрбие жұмысы қандай бағытта жүргізілуі керек деген сауалға былай деп дұрыс жол сілтейді: “Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болмағандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті”, - дейді.

М.Жұмабаевтың ұлттық тәрбие туралы пікірлерінде мынандай жолдар бар: “Тәрбиеші мен мұғалімнің тек өз ұлтының тәжірбиесімен ғана таныс болуы – бір беткей ішкі тәрбиелер” – дей келе, түрлі ұлттың, түрлі замандағы ғалымдарының ойларымен терең таныс болуларын ұсынады.

Тәрбиенің басты ұстанымдары – жалпы азаматтық құндылықтарды және тұлғаны қалыптастыру, өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін сүю арқылы басқа халықтардың тілі мен мәдениетіне де құрметпен қарайтын адам қалыптастыру. Ал осы мәдениеттің тіл арқылы келетіндігі белгілі. Бұл жөнінде де М.Жұмабаев тілге аса сақ және құрметпен қарауға шақырады. Бала тәрбиесінде дұрыс сөйлеуге, ұлт тілінің қадір-қасиетін бәрінен жоғары қояды. “Тіл әрбір адамға қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат... Тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ...” дейді. Осыған байланысты қазір орыс мектебінде қазақ тілін оқыту үлкен проблемалардың бірі. Орыс мектебіндегі қазақ балаларының тәрбиесі, олардың болашағы, тағдыры бәрімізді ойландыруға тиіс. Сондықтан, орыс тілді мектептерде халықтық педагогика – ұлттық тәрбие ерекше орында болу қажеттілігі туып отыр.

Міржақып Дулатұлы халқының келешегі үшін, ұрпақ тәрбиесінің болашағы үшін жан

аямай күрескен ақын, жазушы, педагог. Қазақ халқының ұлттық мәдениетін өркендетуге негіз болатын ұлттық білім мен тәрбиенің зор орын алатынын дәлелдей білген ұлы ойшыл қазақтың ұлттық педагогикасының мәдени мұра екендігін баса көрсетіп, этнопедагогикалық еңбектерімен өркениеттік келешегімізге кемелді ой-мақсаттарын ұластырды. Міржақып қазақ педагогикасында алғаш рет қазақ оқушыларының гигиена мен әдеп, мінез-құлықтары жөніндегі шарттарды жазды. Өзінің “Қирағат” оқулығының “Денсаулық жайынан” атты тарауы осы мәселелерге арналған. 1914 жылы “Қирағат” оқулығы екінші рет басылып шығады. Кітаптың алғы сөзінде М.Дулатұлы былай деп жазды: “Сүйікті қазақ мұғалімдері, міне, сол сіздер керексінген қазақ тіліндегі оқу кітабының бірі осы кітап. Кемшілігі болса, көрсеткендеріңізге шын көңілмен рақмет айтамын” [6].

М.Дулатовтың тәлім-тәрбиелік тағылымдарынан қазіргі күн талабы-тілегімен ұштасатын тағы бір кесек ойды кездестіреміз. Ол жас ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу. Қазіргі қазақ жастарының тәрбиесінде келеңсіз жақтардың белең алуы тәлімгер қауымға буынды жөргегінен мейірімділік пен имандылыққа баулып тәрбиелеу қажеттігін күн тәртібіне қойып отыр. Осы жөнінде мұсылмандардың қасиетті кітабы, «Құранның» үлгі - өнегеге толы тағылымдарына да баса назар аудару қажеттігі газет-журналдарымызда сан рет жазылып жатыр.

Ұлттық мектептің өз кезегінде ғылыми негізін қалаған жоғарыда сөз болған белгілі ағартушылар мен ғалым-педагогтер “Мектеп ұлттық болып аталуы үшін ұлттық психология мен тарихқа негізделуі және қоғамдық

Осы ұлылардың барлығы дерлік қазақ тәлімі тарихынан лайықты орын алуға тиіс деп білеміз. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 – 2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы негізі ұлы ойшылдардың педагогикалық мұралары бүгінгі заман талабымен үндесіп жатыр.

Әдебиет

- 1 Қазақстан Республика Үкіметінің 2009-2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы, 10 желтоқсан 2007 ж.
- 2 Аймауытов Ж. Тәрбие жетекші // Қазақстан мектебі.-1991.- №6. - 71 б.
- 3 Байтұрсынұлы А. Шығармалары.- Алматы, 1988.- 565 б.
- 4 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы: оқу құралы – Алматы: Санат, 2001.
- 5 Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы: Ана тілі, 1992.
- 6 Дулатов М. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.
- 7 Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтардың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссиясының қорытындысы // Қазақ әдебиеті.- 1989, 16 қаңтар.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы, определяющие теоретическое и практическое обоснование идей казахской народной педагогики, этнокультуры казахской интеллигенции, а также вопросы возрождения и использования этих идей в процессе обучения и влияние некоторых характерных черт педагога: мастерство, способность, личностные качества - на учебно-воспитательный процесс учащихся.

Summary

In the article to consideration of the questions defining theoretical and practical significance of the main ideas of Kazakh folk pedagogy, ethnoculture of Kazakh intelligentsia, rebirth and usage of ideas of Kazakh folk pedagogy is devoted. In this article the author investigates the influence of some characteristic sides of the teacher on the teaching process if students – their ability personal quality.

**ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ҚОНДЫРҒЫЛАР
ПРОЦЕССЫ И АППАРАТЫ**

УДК 66.074

МАССОПЕРЕНОС НЕФТЕПРОДУКТОВ В НЕПОДВИЖНОМ СЛОЕ АДсорбЕНТА

Р.Ф.Алтынбеков
ЮКГУ им. М. Ауезова, г. Шымкент

Для оценки эффективности переноса в системе введем диссипативную функцию Φ , которая представляет собой сумму произведений потоков компонентов на термодинамические силы [1,2]:

$$\Phi = \sum J_i X_i \quad (1)$$




Рисунок 1 - Схема потоков компонентов через слой адсорбента

В линейном приближении поток J_i с учетом перекрестных составляющих можно записать в следующем виде:

$$J_i = \sum_j L_{ij} X_j \quad (2)$$

На рисунке 1 показана модельная система. Считаем систему изотермической, т.е. перенос тепла отсутствует, а движение растворенного вещества через слой вызывается наличием разности химических потенциалов $\Delta\mu$. Тогда, пренебрегая разностью физических потенциалов, для диссипативной функции можно записать [3]:

$$\Phi = -J_w \frac{\Delta\mu_w}{L} - J_s \frac{\Delta\mu_s}{L} \quad (3)$$

Для химических потенциалов имеем:

$$\mu = \mu^0 + RT \ln a, \quad (4)$$

$$\mu_s = \mu_s^0 + \bar{V}P + RT \ln a_s, \quad (5)$$

где a - химическая активность компонентов.

Осмотическое давление связано с активностью несущего компонента соотношением [1,3]:

$$\Pi = -\frac{RT}{\ln \bar{V}_w} \ln a_w, \quad (6)$$

$$\Delta\mu_w = \bar{V}_w (\Delta P - \Delta \Pi). \quad (7)$$

В свою очередь, из уравнения Гиббса-Дюгема для двухкомпонентной системы следует [3,4]:

$$\frac{d\mu_s}{d\mu_w} = -\frac{n_w}{n_s}. \quad (8)$$

Из соотношений (2)-(8) получаем:

$$RT \frac{d(\ln a_s)}{d\Pi} = \frac{1}{C_s}. \quad (9)$$

В итоге получаем выражение для диссипативной функции в виде [3]:

$$\Phi = -J_v \frac{\Delta P}{L} - J_D \frac{\Delta \Pi}{L}, \quad (10)$$

где

$$J_v = \bar{V}_w J_w + \bar{V}_s J_s - \text{объемный поток}, \quad (11)$$

$$J_D = \frac{J_s}{C_s} - \bar{V}_w J_w = u_s - u_w - \text{поток улавливаемого вещества}. \quad (12)$$

Соотношение (10) можно переписать в виде феноменологических уравнений [5]:

$$J_D = L_{DP} \Delta P + L_D \Delta \Pi; \quad (13)$$

$$J_v = L_P \Delta P + L_{PD} \Delta \Pi. \quad (14)$$

Отсюда следует связь между коэффициентом проникновения и объемным потоком:

$$L_f = -L_P = -\left. \frac{J_v}{\Delta P} \right|_{\Delta \Pi=0}. \quad (15)$$

Коэффициент проникновения можно определить из следующего соотношения:

$$L_f = \frac{f}{L} \left(\frac{\delta^2}{8\eta} + \frac{\bar{V}_w D_w}{RT} \right), \quad (15')$$

где f - коэффициент, связанный с геометрической характеристикой слоя адсорбента. Линейная скорость просачивания:

$$u^* = \frac{Q^*}{\pi \delta^2}. \quad (16)$$

Удобно теперь ввести коэффициент просачивания по формуле:

$$L_f = \frac{p u^*}{\Delta P} = \frac{p k}{L} \frac{\delta^2}{8\eta}. \quad (17)$$

Величина p по своему характеру непосредственно связана с пористостью слоя:

$$p = \frac{\varepsilon}{k}. \quad (18)$$

Отсюда получаем выражение для коэффициента слоя адсорбента:

$$f = \frac{\varepsilon}{k^2}. \quad (19)$$

Для рассмотрения процессов, связанных с диффузионным переносом в порах и соответствующим феноменологическим коэффициентом, преобразуем уравнение переноса:

$$J_s = (1 - \sigma) \bar{C}_s J_v - \omega \Delta \Pi, \quad (20)$$

где для параметра ω , который характеризует проницаемость слоя по улавливаемому компоненту за счет подвижности носителя, имеем:

$$\omega = -\left. \frac{J_s}{\Delta \Pi} \right|_{J_v=0} = -\bar{C}_s (L_D + \sigma^2 L_f). \quad (21)$$

Поток улавливаемого вещества J_s представим в виде суммы двух потоков:

$$J_s = J_s^{(v)} + J_s^{(m)}, \quad (22)$$

$$J_s^{(v)} = (1 - \sigma) \bar{C}_s, \quad (23)$$

где (23) обусловлен увлечением молекул улавливаемого вещества молекулами несущей жидкости, т.е. $(1 - \sigma)$ имеет смысл проницаемости слоя.

Другая составляющая является диффузионным потоком в обычном смысле слова:

$$J_s^{(m)} = -\omega \Delta \Pi. \quad (24)$$

Отсюда получаем

$$J_D = -\sigma J_V + \frac{J_s^{(m)}}{C_s^m}. \quad (25)$$

Поскольку поток J_s относится к переносу вещества в отсутствие объемных потоков, можно определить степень проницаемости слоя следующим образом [7]:

$$P_s = -\frac{J_s^{(m)} L}{\Delta C_s}. \quad (26)$$

Отсюда легко получить соотношение:

$$P_s = \frac{\omega L \Delta \Pi}{\Delta C_s} \approx RT \omega L. \quad (27)$$

Если в некоторых случаях по каким-то причинам пользоваться толщиной слоя неудобно, можно ввести условный коэффициент:

$$P_s' = \frac{P_s}{L}, \quad (28)$$

$$J_s'^{(m)} = -P_s' \Delta C_s. \quad (29)$$

Теперь, заменяя $\frac{\Delta C}{L}$ на $\frac{dC_s}{dx}$, получаем дифференциальное уравнение, связывающее объемный поток с изменением концентрации улавливаемого компонента:

$$J_s = (1 - \sigma) C_s J_V - P_s \frac{dC_s}{dx}. \quad (30)$$

Интегрируя его при следующих начальных условиях $x = 0, C_s = C_H; x = L, C_s = C_K$:

$$-\frac{(1 - \sigma) J_V}{P_s} = \ln \left[\frac{J_s - (1 - \sigma) C_H J_V}{J_s - (1 - \sigma) C_K J_V} \right]. \quad (31)$$

Поскольку концентрация связана с потоками соотношением:

$$C_K = \frac{J_s}{J_V}, \quad (32)$$

получаем расчетное выражение для изменения концентрации улавливаемого компонента:

$$\exp \left[-\frac{(1 - \sigma) J_V L}{P_s} \right] = \frac{1}{\sigma} - \frac{1 - \sigma}{\sigma} \frac{C_H}{C_K}. \quad (33)$$

Отсюда определяем коэффициент улавливания слоя:


$$R = 1 - \frac{C_H}{C_K}. \quad (34)$$

Как следует из (33):

$$R = \left(\frac{1 - \Psi}{1 - \sigma \Psi} \right) \sigma, \quad (35)$$


$$\Psi = \exp \left[-\frac{(1 - \sigma) L J_V}{P_s} \right]. \quad (36)$$

На рисунках 2 и 3 представлены характерные результаты расчетов $Sw(\epsilon)$ и удельного расхода $q(\Delta P)$.



Обозначения кривых: 1- $\rho_n \delta = 1000 \text{ кг/м}^2$; 2 - 580 кг/м^2 ; 3 - 220 кг/м^2 ; 4 - 130 кг/м^2 , где ρ_n – истинная плотность материала, кг/м^3 ; δ - средний радиус пор, м

Рисунок 2 - Зависимость удельной поверхности слоя от пористости



Обозначения кривых: 1- $\rho_n \delta = 1000 \text{ кг/м}^2$; 2 - 580 кг/м^2 ; 3 - 220 кг/м^2 ; 4 - 130 кг/м^2 , где ρ_n – истинная плотность материала адсорбента, кг/м^3 ; δ - средний радиус пор, м, при постоянной Козени $K=5$ и кинематической вязкости $\nu = 10^{-5} \text{ м}^2/\text{с}$

Рисунок 3 - Зависимость удельного расхода от перепада давления

Обработка полученных выражений и уравнений производилась на программном обеспечении профессиональных пакетов для математических расчетов «MathLab v.5.21» и «MathCAD 2001 Professional».

Предложенная модель массопереноса, учитывающая термодинамические аспекты адсорбции нефтепродуктов в неподвижном слое адсорбента, хорошо описывает эксперименталь-

ные данные и может быть рекомендована в качестве составной части методики расчета перспективной и эффективной схемы очистки нефтесодержащих сточных вод в адсорбере с неподвижным слоем.

Литература

- 1 Katchalsky A., Curran P.F. Non-equilibrium Thermodynamics in Biophysics.-Harvard Univ. Press, USA, 1965.
- 2 Spigler K.S., Laird A.D.K. Principles of desalination //Academic Press.-New York.-1980.
- 3 Nakagaki M., Takagi R. Membrane and Membrane Processes.// Plenum Press.-New York, London.-1986.- P.77-84.
- 4 Протодьяконов И.О., Марцулевич Н.А., Марков А.В. Явления переноса в процессах химической технологии.-Л.: Химия.-1982.- 695с.
- 5 Шервуд Т., Пикфорд Р. Массопередача.- М.: Химия.- 1982.- 695с. Disordered Systems./ Plenum Press.- New.-1985.-P.289-300.
- 6 Clement E., Baudet C., Hulin J.P. Multiple scale structure of nonwetting fluid invasion fronts in 3D model porous media// Jour. Phys. Lett.-1985, No 46, L1163-1172.
- 7 Hentschel H.G.E., Procaccia I. Relative diffusion in turbulent media: The fractal dimension of clouds// Phys. Rev.-1984. -A29.- P. 1461-1470.

Қорытынды

Ұсынылып отырған модель мұнай өнімдерін адсорбциялауда қозғалмайтын қабатты адсорбенттің термодинамикалық аспектілерін қарастырады, тәжірибелік мәліметтер анық көрсетілген және құрамды бөлігінің методикалық есептеулеріне және су құрамындағы мұнайда тазалауда қозғалмайтын қабатты адсорбердің тиімді жүйесін ұсынуға болады. Ағынды есептеуге масса өту механизмінде тұтқыр ортаның конвективті ағыны ішкі диффузия және әсерлі ағын қабатының қысымының төмендеуіне әсер етеді. Ұсынылған дифференциалды теңдеу көлемді ағында ұсталынатын компоненттің концентрациясының өзгеруімен сипатталады

Summary

The offered model mass transfer, considering thermodynamic aspects of adsorption of mineral oil in a motionless layer adsorbent, well describes experimental data can be recommended as a component of a design procedure of the perspective and effective scheme of clearing of petrocontaining sewage in an adsorbed with a motionless layer. The proceeding from the established mechanism mass transfer it is offered the equation for definition of factor of penetration with the account convection a stream of the viscous environment and internal diffusion, and also expression connecting a stream through a layer with pressure difference and a specific surface of a layer which allows to count a stream. The differential equation connecting a volume stream with change of concentration of a caught component is offered.

УДК 66.074

МОДЕЛИРОВАНИЕ ДИФФУЗИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В СЛОЕ ПОРИСТОГО АДСОРБЕНТА

А.Д.Байсалова, М.И.Сатаев, Ф.Е.Алтынбеков
ЮКГУ им. М.Ауезова, г.Шымкент

Наиболее эффективное использование адсорбентов предполагает перевод их в высокодисперсное состояние, когда, с одной стороны, достигается высокая удельная поверхность адсорбента в единице объема аппарата и, с другой стороны, возрастает адсорбционная активность этой поверхности [1-3]. Анализ процессов, происходящих на гранулах адсорбента и в его слое, играет исключительно важную роль для инженерного расчета адсорбционных аппаратов. Эмпирическое исследование может в каждом конкретном случае дать ответ на многие вопросы, но разработка научно обоснованной методики расчета и оптимального проектирования адсорберов требует теоретического исследования и создания достаточно общей математической модели.

Проблема адекватного описания гетерогенной среды в адсорбере представляет собой сложную и принципиальную проблему, поскольку моделирование процессов переноса в гетерогенных средах существенно отличается от моделирования гомогенных сред. При моделировании адсорбционных аппаратов распространен подход, когда среду реагирующих веществ описывают как квазигомогенную [1-3]. Однако область применимости квазигомогенной модели ограничивается, главным образом, изотермическими системами и катализаторами с малым адсорбционным сопротивлением.

В случаях, когда имеется большой перепад температуры и концентрации на поверхности гранул адсорбента, квазигомогенная модель не может адекватно отражать физическую ситуацию в рабочем объеме аппарата.

В данной работе приведено теоретическое описание процессов тепло- и массопереноса в пористой грануле адсорбента в слое.

Рассмотрим математическую модель процесса внутренней диффузии в слое адсорбента, состоящем из пористых зерен.

Уравнение массопереноса запишем с учетом возможного химического источника массы $I(c, t)$:

$$\frac{\partial c}{\partial t} = D_{eff} \Delta c + I(c, t), \quad (1)$$

где c - концентрация вещества;
 D_{eff} - эффективный коэффициент диффузии;
 t - время процесса.

Уравнение переноса тепла в зерне:

$$C_p \frac{\partial T}{\partial t} = \lambda_{eff} \Delta T - q_r I(c, t), \quad (2)$$

где T - температура;
 C_p - теплоемкость материала катализатора;
 q_r - тепловой эффект реакции;
 λ_{eff} - эффективный коэффициент теплопроводности.

Химический источник массы определим в форме Аррениуса:

$$I(c, t) = -kc \exp(-E/RT), \quad (3)$$

где E - энергия активации;
 k - постоянная.

Введем в рассмотрение коэффициент формы частицы Ψ . Тогда управляющие уравнения процесса можно записать в виде:

$$\frac{\partial c}{\partial t} = D_{eff} \left(\frac{\partial^2 c}{\partial r^2} + \frac{\Psi}{r} \frac{\partial c}{\partial r} \right) - kc \exp(-E/RT), \quad (4)$$

$$C_p \frac{\partial T}{\partial t} = \lambda_{eff} \left(\frac{\partial^2 T}{\partial r^2} + \frac{\Psi}{r} \frac{\partial T}{\partial r} \right) + q_r k c \exp(-E/RT), \quad (5)$$

где r - текущий радиус гранулы адсорбента.

Граничные условия для процесса переноса тепла и массы на поверхности гранулы имеют вид (здесь R -характерный радиус гранулы):

$$r = R: \quad \beta(c_s - c) = D_{eff} \frac{\partial c}{\partial r}, \quad \alpha(T_s - T) = \lambda_{eff} \frac{\partial T}{\partial r}. \quad (6)$$

$$r = 0: \quad \frac{\partial c}{\partial r} = \frac{\partial T}{\partial r} = 0, \quad (7)$$

где β - коэффициент массоотдачи;

α - коэффициент теплоотдачи;

c_s, T_s - концентрация и температура на поверхности гранулы соответственно.

Введем безразмерные переменные и критерии, предложенные в [3,4]:

$$z = r/R, \quad y = c_s/c, \quad \gamma = \frac{E}{RT_s}, \quad \theta = \gamma \frac{T - T_s}{T_s}, \quad \delta = \frac{q c_s D_{eff}}{\lambda_{eff} T_s},$$

$$\varphi = R \sqrt{\frac{k}{D_{eff}}}, \quad \tau = \frac{t \lambda_{eff}}{C_p R^2}, \quad (8)$$

$$Sh = \frac{\beta R}{D_{eff}}, \quad Nu = \frac{\alpha R}{\lambda_{eff}}, \quad Le = \frac{\lambda_{eff}}{C_p D_{eff}}. \quad (9)$$

Система уравнений математической модели в безразмерной форме приобретает вид:

$$Le \frac{\partial y}{\partial t} = \frac{\partial^2 y}{\partial z^2} + \frac{\Psi}{z} \frac{\partial y}{\partial z} - \varphi^2 y \exp\left(\frac{\theta}{1 + \theta/\gamma}\right), \quad (10)$$

$$\frac{\partial \theta}{\partial t} = \frac{\partial^2 \theta}{\partial z^2} + \frac{\Psi}{z} \frac{\partial \theta}{\partial z} + \gamma \delta \varphi^2 y \exp\left(\frac{\theta}{1 + \theta/\gamma}\right). \quad (11)$$

Система граничных условий при этом преобразуется к следующему виду:

$$z = 1: \quad 1 - y = \frac{1}{Sh} \frac{\partial y}{\partial z}, \quad \theta = -\frac{1}{Nu} \frac{\partial \theta}{\partial z}, \quad (12)$$

$$z = 0: \quad \frac{\partial y}{\partial z} = \frac{\partial \theta}{\partial z} = 0. \quad (13)$$

В стационарном режиме протекания процесса между основными параметрами устанавливается следующая связь:

$$\theta = \gamma \delta (1 - y). \quad (14)$$

Выражение (14) является безразмерным видом формулы Пратера [4].

Для замыкания полученной математической модели рассмотрим оценку величины эффективных коэффициентов переноса.

Оценка величины коэффициента внутренней диффузии может быть дана в виде:

$$D_{eff} \approx \frac{R^2}{4t_c} \approx \frac{R\langle V \rangle}{4}, \quad (15)$$

где t_c - характерное время внутренней диффузии,

$$\langle V \rangle = \sqrt{\frac{8k_B T}{\pi m}} - \text{средняя скорость теплового движения молекул,}$$

k_B - константа Больцмана,

m - молекулярная масса.

Оценку эффективного коэффициента теплопроводности получаем с помощью управляющего параметра- числа Льюиса Le :

$$\lambda_{eff} = Le C_p D_{eff}. \quad (16)$$

Для оценки характерного времени внутренней диффузии примем гипотезу о том, что это время имеет порядок времени стабилизации процесса насыщения внутренней поверхности пор адсорбента улавливаемым компонентом. Это время завершения начальной стадии насыщения достигается тогда, когда характерное расстояние между вакантными активными центрами поверхности гранулы адсорбента станет порядка длины пробега l молекул адсорбата при данной температуре.

В этот момент степень заполнения поверхности адсорбции Θ удовлетворяет соотношению [3,4]:

$$l \approx \frac{a}{K_m(1-\omega)^2}, \quad (17)$$

где a - среднее расстояние между активными центрами поверхности катализатора,
 K_m - эмпирическая константа [4].

Связь между введенными параметрами, характеризующими микроскопическую структуру гранулы и макроскопические характеристики, определяемые эмпирически, можно получить с помощью оценки числа Кнудсена по формуле:

$$Kn \approx \frac{1}{K_m(1-\omega)^2}. \quad (18)$$

Таким образом, получаем замкнутую математическую модель процесса массо- и теплопереноса в пористой грануле адсорбента, которая связывает все основные управляющие параметры процесса и учитывает реальную структуру гранулы.

Литература

- 1 Aris R. The Mathematical Theory of Diffusion and Reaction in Permeable Catalysts. Clarendon Press.- Oxford, 1975.
- 2 Холоднюк М., Клич А., Кубичек М., Марек М. Методы анализа нелинейных динамических моделей.- М.: Мир, 1991.- 365 с.
- 3 Межфазовая граница: газ-твердое тело / под ред. Э. Флада.- М.: Мир, 1970.- 435 с.
- 4 Schaefer D.W., Keefer K.D. The analysis of fractal characteristics of materials// Proceedings of the VI Int. Symp. on Fractals in Physics, Trieste, 1985.- P. 62-71

Қорытынды

Ұсақ тесікті адсорбентте диффузиялық процестердің математикалық моделі әзірленді. Түйіршіктердің микроскопиялық құрылымын сипаттайтын енгізілген параметрлер және Кнудсен санын бағалау көмегімен эмпиристік анықталатын микроскопиялық сипаттамалар арасында байланыс анықталды. Процестің барлық негізгі басқарушы параметрлерін байланыстыратын және түйіршіктердің шынайы құрылымын ескеретін адсорбенттің тесік түйіршіктеріндегі салмақ және жылу алмасу процестерінің жабық математикалық моделі алынды.

Summary

In the article the mathematical model diffusion processes in a layer porous adsorbent is considered. The communication between the entered parameters characterising microscopic structure of a granule and macroscopically characteristics, defined empirically by means of an estimation of number Knudsen is defined. The mathematical model of process mass - and heat transfer in a porous granule adsorbent which connects all basic operating parameters of process is received and considers real granule structures.

УДК 622.733

ОЦЕНКА ИЗМЕЛЬЧАЕМОСТИ ДИСПЕРСНОГО ОКСИДА АЛЮМИНИЯ ПРИ РАЗЛИЧНЫХ ОБОРОТАХ РОТОРА «ПУЛЬВЕРИЗЕТТЕ-5»

Ш.З.Ескендилов, В.Ф. Бойко, С.В. Николенко, Н.М. Власова, Л.А. Климова
ЮКГУ им. М.Ауезова, г.Шымкент
Институт материаловедения ХНЦ ДВО РАН, г. Хабаровск

В пирамиде химических элементов алюминий занимает третье место по содержанию в земной коре после кислорода и кремния [1]. Его оксид является составной частью эвтектических систем типа $Y_2O_3 - Al_2O_3 - MgO$, $FeO - Al_2O_3 - SiO_2$, которые находят широкое применение в производстве термостойких материалов [2, 3], используется при получении коагулянтов для очистки бытовых, промышленных вод [4, 5] и т.д. Большое распространение в природе и редкие качества Al_2O_3 делают исследования процесса его тонкого измельчения актуальными. Тонкое измельчение, являясь дорогостоящим процессом, требует внимательного отношения к выбору оптимальных параметров системы «ресурс – технология».

Уравнение непрерывного измельчения системы дисперсных частиц выглядит [6]

$$S = S_0 + \eta \frac{N}{V \sigma} \tau, \quad (1)$$

где S , S_0 – текущее и начальное значения удельной поверхности измельчаемого материала; η – коэффициент эксергии измельчителя [7]; N – мощность энергетической установки; V – монолитный объем диспергируемого материала; σ – коэффициент поверхностного натяжения; τ – время.

Удельная поверхность дисперсных материалов определяется по формуле [8]

$$S = 11 \frac{K_\phi K_p}{D_{\max}}, \quad (2)$$

где 11 – максимальное значение безразмерной крупности частиц, $K_\phi = 6$ (для данного случая) – коэффициент формы частиц, D_{\max} – максимальный диаметр частиц; K_p – коэффициент распределения объемов частиц по интервалам диаметров.

